

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
Философия және саясаттану факультеті  
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

Факультеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде  
**БЕКІТІЛДІ**  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023 ж., хаттама № \_\_\_\_

Факультеттің деканы \_\_\_\_\_ Б.Б. Мейірбаев

**«Ю 1108 - ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ»**  
пәні бойынша  
**ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**  
Мамандық:  
**«БВ01801 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы**  
1 курс, қазақ бөлімі, **2023-2024** оқу жылының күзгі семестрі

АЛМАТЫ 2023

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы Рамазанова С.А.

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

Кафедра меңгерушісі

\_\_\_\_\_ Әлқожаева Н.С.

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2023 ж., хаттама № \_\_\_\_\_

## Алғы сөз

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – **жазбаша (offline)**. Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді де қайталау қажет.

**Емтихан өткізу ерекшеліктері:** емтихан барысында студент емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, жазбаша жауып береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында **offline** режимінде өтеді, сондай-ақ емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

### **Оқыту нәтижелері:**

Курсты оқу нәтижесі бойынша студент қабілетті болады:

- психологиялық-педагогикалық кеңес беру саласындағы психология ғылымының өзекті мәселелерін, мұғалімнің кеңес беру қызметінің мәні мен құрылымын білу; кеңес беру процесінде қолданылатын практикалық психологияның тәсілдері мен бағыттары.
- оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелерінің алдын алу мақсатында жеке және топтық кеңестер жүргізе білу.
- әртүрлі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша отбасылық кеңес жүргізе білу; мұғалімдер мен тәрбиешілерге өндірістік кеңес беру.
- кеңес беру процесінде клиентпен сенімді қарым-қатынас құрудың вербалды және вербалды емес тәсілдерін қолдану.
- заманауи консультативтік әдістер мен рәсімдерді пайдалана отырып, консультативтік байланыс пен консультативтік сессияны әзірлеу және ұйымдастыру.

### **Емтиханды өткізу формасы:**

**СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.**

Емтиханның ұзақтығы *2сағатты* құрайды.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәгінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

*Бірінші блокқа* оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

*Екінші блокқа* ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

*Үшінші блокқа* ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

**Тапсыру күні мен уақыты:** *емтихан сессиясының кестесіне сәйкес болады*

**Емтихан уақыты:** 2 сағат

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – **жазбаша**.

**Жұмысты тексеру:** Емтихан үшін аттестаттау ведомосына балл қою уақыты - 48 сағатқа дейін.

Жазылған емтихан нәтижелері 100-баллды жүйеде **Univer жүйесінде** бағаланады

## Дайындалуға арналған тақырыптар:

**1 тақырып.** Инклюзивті білім беру идеяларының қалыптасу және даму тарихы. «Инклюзивті білім беру» курсының мақсаты және міндеттері.

**2 тақырып.** Инклюзивті білім беруді дамытудың шет елдік тәжірибесі.

Инклюзивті білім берудің халықаралық тәжірибесі. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқығын, еркіндігі мен бостандығын қорғаудағы отандық және халықаралық нормативтік құжаттар.

**3 тақырып.** Инклюзивті білім беру принциптері, білім беруде инклюзивті тәсіл.

Қазақстандағы инклюзивті білім беру мәселелері. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру жүйесінің мемлекеттік саясат қағидалары. ҚР инклюзивті білім мен тәрбие беруді ұйымдастыру ерекшеліктері.

**4 тақырып.** ҚР инклюзивті білім беру жүйесін құрудың модельдері.

Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін іске асырудың тетіктері, күтілетін нәтижелер және кезеңдері.

**5 тақырып.** Инклюзивті білім беру жағдайында отбасымен жұмыс .

Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері.Отбасымен жұмыстың негізгі қызметтері.Отбасына әрекет жасау формалары. Инклюзивті білім беру жолындағы жасалатын физикалық жаттығулар. Мектептің отбасымен қарым-қатынас формалары.

**6 тақырып.** ҚР инклюзивті білім берудің дамуы.

Инклюзивті білім беру жолдарындағы маңызды құжаттар. Психологиялық – педагогикалық қолдау көрсету: диагностика, түзету жұмыстары, кеңес беру, ағартушылық, әдістемелік ұйымдастырушылық бағыттары.

**7 тақырып.** Педагогтар мен мамандардың мультидисциплинарлық өзара-әркеттестігі.

Инклюзивті сыныпта оқу және физикалық ортаны ұйымдастыру. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы сүйемелдеу процесі мен түзету-дамыту процестерін ұйымдастыру түрлері. Жұмыс әдістері мен тәсілдерінің жүргізілуі.

**8 тақырып.** Инклюзивті сыныпта қолайлы білім ортасын жасау.

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу тәсілдері.Инклюзивті мектептегі білім беру үдерісінің бейімделуі мен модификациясы.Оқушылардың таным қабілетін дамытудағы аутогенді жаттығулар.Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтердің құзыреттілігіне сипаттама.

**9 тақырып.** Инклюзивті мектептегі білім беру үдерісінің бейімделуі мен модификациясы.

Инклюзивті мектептегі білім беру үдерісінің ұйымдастырудағы педагогикалық ұжымның негізгі функциялары. Инклюзивті үлгідегі білім беру мекемесінде сынып жетекшісінің жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері. Оқу орнындағы оқу-тәрбие процесінің өзгермелілігі. Инклюзивтік білім беру жағымды жақтары. Арнайы сыныптардағы оқу – тәрбие процесінің ұйымдастыру жолындағы кадрлық қамтамасыз ету.

**10 тақырып.** Инклюзивті білім берудің артықшылықтары мен даму перспективалары.

Инклюзивті білім беру түсінігіне шолу. Инклюзивті білім берудің мақсаты мен міндеттері, ұстанымдары. Қазақстандағы инклюзивті білім беру жүйесінің даму деңгейі.Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.

**11 тақырып.** Ерекше балаларды жеке мүмкіндіктерін есепке алу негізінде білім беру нәтижелерін бағалау.

Психологиялық дамуында тежелуі бар оқушыларды түзету жолдары. Инклюзивті сыныптардағы тьюторлық қызмет немесе мамандардың кешенді жұмысы.

**12 тақырып.** Қоғамда әлеуметтік бейімделуінде қиындықтары бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.

Психикалық дамуы тежелген балаларды психологиялық-педагогикалық сипаттамасы, оларды қолдау жолдары. Арнайы сыныптардағы мүмкіндігі шектеулі балалармен оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері.

**13 тақырып.** Инклюзивті білім беру жөніндегі негізгі идеялар.

Инклюзивті білім беруді қалыптастырудың теориялық негіздері. Инклюзивті білім берудің нормативті-құқықтық базасы. Мемлекеттік «Білім беруді дамытудың 2011-2020» жылдарға арналған бағдарламасы.

**14 тақырып.** Инклюзивті білім беру жүйесіндегі интеграция.

Интеграция ұғымы. Инклюзивтік білім беру жағымды жақтары. Арнайы сыныптардағы оқу – тәрбие процесінің ұйымдастыру жолындағы кадрлық қамтамасыз ету. Психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту мен әлеуметтік ортаға бейімдеу.

**15 тақырып.** Еуропа мен Қазақстандағы инклюзивті білім беру жүйесінің салыстырмалы аспектілері.

Инклюзивті білім беру: шетелдік тәжірибе. Еуропа елдерінде инклюзивтік білім берудің тұжырымдамалары. Инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі.

## **Емтиханға дайындалуға арналған әдебиеттер тізімі**

### **Әдебиет:** негізгі

1. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.
2. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетудегі қолдау туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 11 маусымдағы № 343 Заңы.
3. Абаева Ғ.А., Төребаева К.Ж., Оразбаева Г.С., Қартбаева Ж.Ж. Арнай педагогика. Оқулық. - Қарағанды, 2019. - 262 б.
4. Айтбаева А.Б. Арнай педагогика негіздері: оқу құралы. – Аламты: Қазақ университеті, 2017. – 250 б.
5. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 13 б.

6. Айдарбекова А.А. Еремекбаева Л.Х., Дербисалова Г.С., Самигулина З.Р. Жалпы білім беретін мектепте ерекше білімдік қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу: әдістемелік ұсыныстар/ Алматы, ННПЦ КП, 2014.-116 с.
7. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу үлгілерін дайындау. Әдістемелікұсыныстар.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 48 с.
8. Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың жұмысын ұйымдастыру. Әдістемелікұсынымдар.-Астана:Ы.Алтынсаринатындағы ҰБА, 2016. – 47 б.
9. Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивтік білім беру: әдістемелік ұсыным. – Астана, 2014. – 25 б.
10. Инклюзивное образование: учебное пособие / З. А. Мовкебаева, И. А. Денисова, И. А. Оралканова, Д. С. Жакупова. - Алматы: 2014. - 199 с.
11. Исакова А.Т, Мовкебаева З.А., Г, Закаева, Айтбаева А.Б. Байтұрсынова А.А. Инклюзивті білім беру негіздері: Оқу құралы.-Алматы: ЖК «Балауса» -2016.-320 б.
12. Сулейменова Р.А., Ильмуратова Г.А. Психолого-педагогическое обследование и индивидуальная развивающая программа детей с тяжелой и глубокой умственной отсталостью/ Алматы: ОО Центр САТР .2012г
13. Егорова Т.В. Социальная интеграция детей с ограниченными возможностями: Учеб. Пособие.- Балашов: Николаев, 2002. 80 с.
14. Назарова Л. П.Методика развития слухового восприятия у детей с нарушениями слуха: Учеб. пособие для студ. пед. высш. учеб. заведений / Под ред. В. И. Селиверстова. - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2001. - 288 с.
- Думбаев А.Е., Попова Т.В. Инвалид, общество и право // Алматы: Верена, 2006. - 180 с
15. М.Оспанбаева Инклюзивті білім беру мазмұны мен әдістемесі: ку құралы. Алматы : Қазақ университеті, 2019ж.- 232бет.
16. Инклюзивное образование: учебное пособие / З. А. Мовкебаева, И. А. Денисова, И. А. Оралканова, Д. С. Жакупова. - Алматы: 2014. - 199 с.
17. Исакова А.Т, Мовкебаева З.А., Г, Закаева, Айтбаева А.Б. Байтұрсынова А.А. Инклюзивті білім беру негіздері: Оқу құралы.-Алматы: ЖК «Балауса» -2016.-320 б.
18. Сулейменова Р.А., Ильмуратова Г.А. Психолого-педагогическое обследование и индивидуальная развивающая программа детей с тяжелой и глубокой умственной отсталостью/ Алматы: ОО Центр САТР .2012г
19. Егорова Т.В. Социальная интеграция детей с ограниченными возможностями: Учеб. Пособие.- Балашов: Николаев, 2002. 80 с.
20. Назарова Л. П.Методика развития слухового восприятия у детей с нарушениями слуха: Учеб. пособие для студ. пед. высш. учеб. заведений / Под ред. В. И. Селиверстова. - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2001. - 288 с.
- Думбаев А.Е., Попова Т.В. Инвалид, общество и право // Алматы: Верена, 2006. - 180 с

### Интернет-ресурстар

1. <https://emirsaba.org/inklyuzivti-bilim-beru-negizderi.html>
2. <http://dot.kostacademy.kz/bible/files/127010921.pdf>
3. <https://repository.apa.kz/handle/123456789/150>
4. <https://astana-modern.edu.kz/wp-content/uploads/2021/05/%83.pdf>

### Емтиханға дайындығын бағалау, оқыту нәтижесі: Баға қою өлшемдері.

Балл	Жауап мазмұны
95-100 (А) 90-94 (А-) <b>Өте жақсы</b>	1.Емтихан сұрақтарына берілген жауап теориялық тұрғыдан нақты, толық жазылған. 2. Жауаптың мазмұны өзін-өзі тану туралы дұрыс мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. 3.1-2 блок жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. 4. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі көрінеді.
85-89 (В+) 80-84 (В) 75-79 (В-) 70-74 (С+) <b>Жақсы</b>	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап тақырыптың мазмұнына қойылатын талаптарға сай келеді. 2. Мазмұнында ашылмай қалған аспектілер бар. 3. Практикалық ерекшеліктері толық сипатталмаған. 4.1-2 блок жауаптары теориялық материалды 80% игергендігін білдіреді.

<p>65-69 (C) 60-64 (C-) 55-59 (D+) 50-54 (D) <b>(Қанағаттанарлық)</b></p>	<p>1. Жұмыс орындалған, бірақ мазмұны толық ашылмаған. 2. Практикалық ерекшеліктері сипатталмаған. 3. Жауаптары қысқа, қосымша жүйелілікті, ақпараттың қисындылығын талап етеді.</p>
<p>25-49 (FX) 0-24 (F) <b>(Қанағаттанарлықсыз)</b></p>	<p>1. Емтихан сұрақтары бағдарламаға сәйкес емес. Жұмыс мүлде орындалмаған, теориялық қателер кездеседі. 2. Практикалық жауап мүлде жоқ. 3. Жауапта грамматикалық, терминологиялық қателер бар, логикалық жүйелілік бұзылған.</p>